

ҚАУІПСІЗ ЕСІРТКІ  
ДЕГЕН БОЛМАЙДЫ



2-БЕТ

АРҒА ЖҮГІНГЕН АЗАМАТ



5-БЕТ

ШИПАЖАЙДАҒЫ  
ШЫРҒАЛАН



8-БЕТ



• СҰХБАТ

# ЗАН газеті

✉ zangazet@mail.ru

№59 (3688)  
6 тамыз 2024



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ЖЕҢІМПАЗДАРҒА ҚҰРМЕТ



Алматы әуежайында мереке. Париж Олимпиадасында ел қоржынына дзюдодан алтын сыйлаған Елдос Сметов пен қола жүлдеге ие болған Ғұсман Қырғызбаев елге келді. Спортшыларды туған-туыстары, мемлекеттік қызметкерлер, танымал спортшылар мен жанкүйерлер күтіп алды. Олардың арасында Елдос пен Ғұсманның жақындары да бар.

«Қолдау көрсеткен азаматтарға ризашылық білдіреміз. Балама барлық тілеулес жұрт, бапкерлері үлкен сенім артты. Елдің сенімін ақтады», – деді Елдостың әкесі Бақтыбай Сметов. «Олимпиада алдында халқымызбен бірге біз де ұлымызға ақ бата беріп шығарып салдық. Ғұсман ерледі, оның қоласы алтынмен пара-пар», – деп қуаныш сезімін білдірді Ғұсманның әкесі. Спортшылардың жетістігіне тәнті болған Алматы қаласы дзюдо федерациясының вице-президенттері Али Хамхоев пен Ержан Зайдинов дзюдошы Ғұсман Қырғызбаевқа көлік сыйлады.

Алқалаған көпшіліктің ақжарма тілегіне риза болған спортшылар кездесу барысында алдағы жоспарларымен де бөлісті. «Біз туған жерімізге оралғанымызға және сіздердің жылы қабылдауларыңызға қуаныштымыз. Бұл бізді одан әрі жетістіктерге жетуге ынталандырады. Олимпиада ойындарына алтын аламын деп барғанмын.

Бар күш-жігерімді салдым, бұйырғаны қола болды. Қазақ елі, қолдауларыңызға рақмет», – деді Ғұсман Қырғызбаев.

«Бұл Олимпиадаға толық дайындалдым. Маған барлық халық сенді, бірақ медальге бір қадам қалғанда жеңіліп қалдым. Бұйырмады, келесі Олимпиадада да күрессін, тастамамын деп тұрған сияқты. Тағы да күресемін. Үшінші орынға белдескен қыздан бір жеңіліп, бір жеңгенмін. Сон-

дай бір ыңғайсыз қарсылас болды. Кездесудің ортасында тіземді ауырып алдым. Барлық қарсылас бірдей, дұрыс қалыпқа келмедім. Бірақ көп тәжірибе жинадым. Қазақ халқының қолдауын әлі күнге дейін сезініп келемін. Қанша жерге шақырып жатыр, бәріне көп рақмет!» – деді Әбиба Абужақынова.

Кездесуге келген жанкүйерлер эмоцияларын жасырмады. «Біз чемпиондарымызды мақтан тұтамыз. Олардың жетістіктері бүкіл елді шабыттандырады», – деді жанкүйерлер.

Нұрбол ЖЫЛЫС,  
«Зан газеті»

### «ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІ – БАСТЫ НАЗАРДА»

Елімізде экономикалық белсенді еңбек адамдарының қатарын көбейту, олардың мәртебесін арттыру және құқықтарын қамтамасыз ету күн тәртібіндегі аса өзекті мәселелердің бірі. Екі қолға бір күрек таппай сандалған жұмыссыз жандарды жұмысқа орналастыру халықтың әлеуметтік ахуалының да артуына ықпал етеді. Бұл орайда мемлекеттік бағдарламалар арқылы түрлі әлеуметтік жобалардың жүзеге асырылып, мемлекеттік қолдаудың арқасында кәсібін өрге домалатып қана қоймай жаңа жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік туғызып жатқандары да баршылық. Ақмола облысында да ірілі-ұсақты жеке кәсіпкерлік субъектілерінің пайда болуы жаңадан тұрақты жұмыс орындарының ашылуына септігін тигізіп жатыр. Өңірдегі еңбек адамдарының жай-күйі мен ұлттық және мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы барысы жайлы Ақмола облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Мұхамедінді әңгімеге тартқан едік.

– Ерлан Қыздарбекұлы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елде жаңа жұмыс орындарын құру, шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік және ұлттық бағдарламалар мен әлеуметтік жобалар көмегімен қолдау жөнінде Қазақстан халқына арнаған жолдауларында нақты міндеттер жүктеген еді. Өңірде жұмыссыздар армиясының қатарын азайту жаңа жұмыс орындарын ашу бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айта кетсеңіз.

– Мемлекет басшысының тапсырмасымен кәсіпкерлік бастамаларды қолдау мақсатында әрбір 10 мың адамға кемінде 100 мың жұмыс орындарын құру жөнінде индикаторлы нақты тапсырма жүктелген. Президент көтерген мәселені тиісті деңгейде жүзеге асыру мақсатында Ақмола облысында жыл басынан бері ғана 3945 жаңа жұмыс орны құрылып, бекітілген жоспардың 43,9 пайызы орындалды. Жалпы, басқа салаларды қоса есептегенде жыл басынан бері 15 мыңға жуық жаңа жұмыс орындары ашылды. Халықтың жұмыспен қамтамасыз етілуінде Ұлттық жобалар мен еңбек нарығының тұжырымдамасы да ерекше рөл атқаратынын атап өткен жөн. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде жоғарыда аталған жобалар мен тұжырымдамалар шеңберінде 2591 жаңа жұмыс орны құрылды. Бүгінгі таңда бос қалған жұмыс орындарына 6 мыңнан астам адам орналасып жылдық жоспардың 41,5 пайызы орындалды. Бұл да болса халықтың әл-ауқатының, әлеуметтік жағдайының біршама жақсаруына ықпал ететіні сөзсіз. Жаңа жұмыс орындарын ашу мемлекеттік бағдарламалар көмегімен кәсіпкерлік субъектілерінің қатарын арттыру бағытында басқа мемлекеттік құзырлы әкімшілік органдар, жұмыс беруші ұйымдар және басқа да мүдделі мекемелермен бірлесіп тиісті шаралар ұйымдастырылып жатыр.

(Соңы 6-бетте)

• ОҢ ҚАДАМ

## «ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ» ҚҰРУДЫҢ КІЛТІ НЕДЕ?

Халықтың қаржылық сауатын арттыруға бағытталған «Қарызсыз қоғам» жобасы биыл барлық өңірде жүргізіледі. Соған орай өңірлер мен республикалық маңызы бар 3 қала бойынша 150 қаржы сарапшысын оқыту қолға алынды. Бұл мамандар жыл бойы 200 мың қазақстандыққа қаржылық сауат курсы өткізеді. Әсіресе, онда несие мерзімі 90 күннен асып кеткен азаматтарға басымдық берілімек.

Бытыр басталған пилоттық жоба өз тиімділігін көрсетіп, жалпыхалықтық бағдарламаға айналды. 2023 жылы 1 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында «Қарызсыз қоғам» жобасын ерекше атап өтіп, оның игілігін барша халық көруі керек деген еді. Ал Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымованың айтуынша, соңғы үш жылда Қазақстанда тұтыну несиеcін алғандар саны артқан. Қазіргі уақытта 8,4 млн халықтың мойнында 18 трлн теңге несие бар. Оның ішінде тұрғындар шағын микроқаржы ұйымдарынан

197 млрд теңге онлайн қарыз рәсімдеген екен. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында биыл маусым айында Кентау қаласында «Қарызсыз қоғам» пилоттық жобасы басталған болатын. Аталған жобаға қатысқан тұрғындарға жуырда сертификаттар табысталды. Қазіргі уақытта жоба аясында қала және ауыл тұрғындарын оқыту бойынша жұмыстар жүзеге асырылуда. Аталған пилоттық жобаға жыл соңына дейін 700-ге жуық адам қатысады деп жоспарланып отыр.

(Соңы 3-бетте)



## ҚҰЛАҚ ҚАҒЫС

Достар, детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасады. Жетінші жыл ұйымдастырылғалы отырған байқау «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС-ның 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Сондықтан, доданы ерекше өткізбек ойымыз бар.

Өздеріңіз білесіздер, бұған дейін шығарманың техникалық талабына ортақ тәртіп белгілегенімізбен, шығармашылық еркіндікке шектеу қойылмады. Тек Түркістан облыстық сотының қолдауымен ұйымдастырылған 2021 жылғы V байқауда облыстық сот судьялары қараған істерді детектив шығарма өзегіне айналдырып, қазылардың қарымын көрсеткен авторларға арнайы жүлде тағайындалған еді. Бұл өзгеріс деректі детективтің жандануына елеулі дәрежеде қозғау салды.

### Ал биылғы жылдың ерекшелігі неде дейсіз ғой?

Бұл жолы байқауға қатысушылар көмегімен қазақ детективінде бірегей ізкесушінің бейнесін қалыптастыру мақсат етіліп отыр.

Өздеріңіз білесіздер, ағылшын жазушысы Артур Конан Дойлдың қаламынан туған Шерлок Холмс – әдеби персонаж. Жазушы қиялының жемісі саналатын осы ізкесушіні әлем халқы таниды, жақсы көреді. Содан болар, Шерлок Холмсқа деген құрмет жоғары. 1990 жылы Лондоннан ашылған музей-үйі сөзіміздің нақты дәлелі.

Бүгінде бұл музейге келушілерде есеп жоқ. Қысы-жазы кезек арылмайтын музейде жазушы шығармасындағы персонаждармен қауышып, әр оқиғаның ішінде жүргендей хал кешесіз. Артур Конан Дойлдың кереметтігі осында. Ол ағылшын детективін дамытуға сүбелі үлес қосып қана қоймай, Шерлок Холмс бейнесі арқылы ағылшын ізкесушілерінің мықтылығын, даралығын дәлелдеді. Сөз күдіретінің арқасында қиялдан туған кейіпкерінің көмегімен елінің танымал болуына ықпал етіп отыр.

Ендеше, қазақтың өз ізкесушісінің образын қалыптастыруға не кедергі? Мұндай айтулы тұлғаны қаламның күші, қиялдың ұшқырлығымен жасайтын – Сіз бен Біз!

### Құрметті байқауға қатысушылар!

Ішкі істер министрлігінің білікті мамандарымен ақылдаса отырып, сіздерге ұсынғалы отырған бірегей ізкесушінің бейнесі төмендегідей:

Тергеушінің /жедел уәкілдің/ сипаттамасы:

Қайсенов Абылай Әзімханұлы.

\* Жасы: 35 - 50 аралығында;

\* Қалалық ІІД Тергеу басқармасы басшысы, шені – полковник.

\* Жоғары білімді, арнайы оқу орнын аяқтаған (бірге оқыған достарымен әрдайым хабарласып тұрады).

\* Орта денелі, бойы – 170-180 см. Салмағы – 83 кг.

\* Жас кезінде спортпен кәсіби түрде шұғылданған /күрес түрлерінен спорт шеберіне үміткер; осының арқасында елде ғана емес, шет мемлекеттерде де спортшы таныстары көп. Спортпен әлі күнге тұрақты айналысып тұрады. ІІМ қызметкерлері арасында өткізілетін турнирлердің жеңімпазы;/

\* Отбасылы. 2 ұл, 1 қызы бар. /Үлкен ұлы – Медғат, ІТ саласында қызмет етеді, жеке кәсіпкер. Екінші ұлы – Қасым, ЖОО студенті. Қызы Еркеназ – орта мектептің 9-сынып оқушысы. Әйелі /емханада дәрігер/

\* Ата-анасы Астана қаласында тұрады, екеуі де зейнеткер. /Олармен, туыстарымен, достарымен байланысты үзбейді;/

\* Жұмыста қатал, бір істі қолға алса нәтиже шығармай тынбайды; мәселені қазалап, бүге-шігесіне дейін зерттеп, мән-жайды анықтауды әдет қылаған.

\* Уәдеге берік, тік мінезді, алайда, әр істі ақылға салып, аналитика жасап шешім қабылдауды жөн санайды;

\* Жауапкершілігі жоғары, кәсіби шебер маман ретінде кейде басқа өңірлерге іс-сапарға шығып тұрады /жедел-тергеу тобы құрамында күрделі істерді тергеу үшін/;

\* Адамдармен қарым-қатынаста сыпайы, ортада өзін ұстай біледі, кіші демей, үлкен демей барлығына құрметпен қарайды. Қиналған

адамға көмектесуге, қол ұшын созуға дайын тұрады.

\* Атыс қаруын жақсы меңгерген.

\* Бос уақытында балық аулағанды жақсы көреді /кармақпен/.

Отбасымен табиғат аясына шығып демалғанды ұнатады;

\* Жеке баспанасы жоқ. Жұмыс орнынан берілген 3 бөлмелі қызметтік пәтерде тұрады.

\* Салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты мықты ұстанады, жөн-жосықты жақсы біледі;

\* Криминалистика бойынша үнемі оқып, ізденеді.

\* Адал, жемқорлыққа жаны қас.

Бұл – біз ұсынып отырған кейіпкердің жалпы сипаттамасы. Ал, бас кейіпкердің қасиетін әрі қарай даралау, қандай қылмысты аштырып, қандай жұмбақты шештіру, ең бастысы, ізкесушіден жағымды бейне қалыптастыру – сіздің қиялыңыз бен шеберлігіңізге байланысты.

### Айтпақшы...

Осыдан екі жыл бұрын байқаудың үздік шығармаларын жинақтап кітап шығарарда, кейбір үміткерлердің дерегін таппай, рұқсатын ала алмай біраз әуреге түскенбіз. Осыған орай авторлардан өзі туралы толық мәліметті берумен бірге, шығармасын жинаққа қосу туралы рұқсатты жазбаша рәсімдеп жолдау талап етіледі.

Оның мәтіні төмендегідей:

### КОЛХАТ

Мен ..... «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС бастамасымен өтетін детектив байқауына қатыса отырып, конкурста жолдаған ..... атты шығарманың авторлық құқы «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС-не беремін. Ұйымдастырушылар шығарманды баспасөз бетінде, интернет сайттар мен әлеуметтік желіде менің рұқсатымсыз жариялап, жинаққа енгізе алады және басқа да мақсаттарға пайдалануға құқылы. Болашақта менің тарапымнан ешқандай талап, шағым, наразылық болмайды.

Аты-жөні, қолы, датасы

Қосымша сұрақтарыңыз бен шығармаңызды zangazet@mail.ru электрондық поштасына «Байқауға!» деген белгімен жолдай аласыз! Байланыс телефоны: +7 701 122 09 40



## ЖАРНАМА

### ТАРАТУ

3. «Educational Advisor (Эдюкейшннал Эдвайзор)» ЖШС (БСН 220540002138) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Бараева көшесі, 18/1-үй, 233-пәтер, тел. 87754653562.

4. «Юг Инвест Алматы» ЖШС (БСН 220640029956) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Орбита-2 ықшам ауданы, 15-үй, 60-пәтер, тел. 87771170413.

5. «Транс Билд Констракшн» ЖШС (БСН 141240004022) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Б.Момышұлы даңғылы, 4-үй, 182-кеңсе.

6. «Everonix Kazakhstan» ЖШС (БСН 231140014944) өзінің таратылуы туралы хабарлайды. Наразылықтар хабарлама жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Ходжанов көшесі, 57/8 үй. Тел. 87078864525.

7. «6A Chemical» ЖШС (БСН 220740017193) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Жилой массив «Юго-Восток» (правая сторона), Мойынты көшесі, 51 ғимарат, тел. 87751582414.

9. «Хадиша и Гуля» ЖШС (БСН 200540025103) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Арыс қаласы, Ш.Битөре көшесі, 24 үй.

11. Бурабай ауданының білім бөлімі Ақмола облысының білім бөлімі «Қарабауыр ауылының бастауыш мектебі, Бурабай ауданының білім бөлімі, Ақмола облысының білім бөлімі» коммуналдық

мемлекеттік мекемесінің таратылғанын хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Қарабауыр ауылы, Мұхтар Әуезов көшесі, 2-үй мекенжайы бойынша қабылданады. тел 8 (71636) 21444.

Бурабай ауданының білім бөлімі «Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімінің Қаражар ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Қаражар ауылы, Орталық көшесі, 17А ғимарат мекенжайы бойынша қабылданады. тел 8(71636) 21444.

14. «ХайдельбергЦементСервисез» ЖШС (БСН 070540009414) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 42-үй, 801-кеңсе.

### Хабарландыру

15. «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Батыс Қазақстан облысының Әділет департаменті Ақжайық ауданаралық Әділет басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі (БСН 050340004735);

«Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Батыс Қазақстан облысының Әділет департаменті Бөрлі ауданаралық әділет басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі (БСН 050340004238);

«Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Батыс Қазақстан облысының Әділет департаменті «Бәйтерек» ауданаралық әділет басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі (БСН 050340002769);

«Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Батыс Қазақстан облысының Әділет департаменті Қазталов ауданаралық әділет басқармасы республикалық мемлекеттік мекемесі» (БСН 050340016769) таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 208. Тел. 87112508835.

### МҰРАҒЕРЛІК

13. 2012 жылдың 21 қазанында қайтыс болған Космуханбетов Қуаныш Кожмухановичтің артынан Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Камзағалиева Роза Тлеккабыловнада мұрагерлік іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін төмендегі мекенжайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, М.Баймұханов көшесі, 41А үй, тұрғын емес бөлме 16, тел. 504468, 87012227274.

### ӘРТУРШ

2. «Ломбард Верный» ЖШС, БСН 160140011585 (ҚР қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берген 15.03.2021 ж. 05.21.0044.Л. лицензиясы) өзінің заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлайды. 2024 жылғы 31 шілдеден бастап «Ломбард Верный» ЖШС-нің жаңа заңды мекенжайы: Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Тәуке хан даңғылы, 110 үй, пошта индексі 160011.

8. Қарағанды облысы білім басқармасының «Теміртау индустриялық-технологиялық колледжі» КМҚК (БСН 950540000758) Қарағанды облысы білім басқармасының «Теміртау жоғары политехникалық колледжіне» КМҚК (БСН 990140001789) қосылу жолымен қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Абай көшесі, 1-үй.

10. Сауда-саттық асфальт төсеуші Дунарас F181, 2004 ж.ш., түсті -, Қарағанды қаласы, Складская көшесі, 18 мекенжайы бойынша жарияланды, кепілдік жарна қарастырылмаған, бастапқы сома 21 108 000 теңге, аукцион өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде төленеді. Аукцион 2024 жылдың 19 тамызында өтеді. Астана уақыты бойынша сағат 15-00 Қарағанды қаласы, Складская көшесі, 18. Уәкілетті өкіл Колмогоров Валерий Георгиевич, Н.Назарбаев даңғылы, 16, 107 кеңсе, +77012135999.

12. «Тұрақбай» ЖШС (БСН 080140013534) және «KERYEN» ЖШС (БСН 180640017136) «Миялы Құрылыс Газ» ЖШС-не (БСН 090740018727) қосылу жолымен қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылы, Ж.Жабаев көшесі, 25а.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22.  
E-mail: kaidybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юрическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Калиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы). Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажиева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Видай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772265606.